

Түлкібас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 549 "Аудандық коммуналдық меншік туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 ақпандағы N 90 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 наурызда N 14-14-101 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 82 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімінің 2012.02.29 № 82 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық коммуналдық меншік туралы" Түлкібас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 549 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14-14-89 санымен тіркелген, аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде 2009 жылдың 11 желтоқсанында ресми жарияланған) өзгеріс енгізілсін:

3 - тармақтағы "Түлкібас ауданының қаржы бөлімі" деген сөздер "Түлкібас ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

уақытша атқарушы *Аудан әкімінің міндетін*
Е.Сарманов